

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Озық инновациялық оқыту технологияларының талаптарымен ұштастыра отырып, химия және биология саласында іргелі білімі бар білікті кадрларды даярлау.

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Өр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі, бір жағынан, пәнаралық қатынастарды ескере отырып, екі ғылымның интеграциясына негізделген химиялық және биологиялық бағыттың белсенді дамуымен түсіндірілсе, екінші жағынан, қос бейінді кадрлардың, оның ішінде білім беру саласындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырумен байланысты болып келеді.

Нарықтағы сұранысы.

Химия және биология сияқты екі пән мұғалімдеріне деген қажеттілік, әсіресе орта білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында өзекті, себебі ондай мұғалімдер өзінің кәсіби қызметіне негізделген, мобильді, әлеуметтік белсенді және еңбек нарығында өте сұранысқа ие болуда.

Сондай-ақ, күндізгі жалпы білім беретін мектептерде химия және биология пәндерінің оқытушылар құрамына деген қажеттілік Қазақстан Республикасында жылдан жылға артуда, бұл химия мұғалімдері мен биологтарды даярлау қажеттілігін көрсетеді. Осылайша, профессор-оқытушылар құрамын даярлау және дамыту жүйесіндегі оң өзгерістерге қарамастан, білікті оқытушылар құрамын тартуға және ұстап қалуға теріс әсер ететін бірқатар проблемалар бар. Осыған байланысты бұл Бағдарламада елдің педагогикалық әлеуетін дамытудағы проблемаларды шешу шаралары қарастырылған.

Ал, 2023 жылға қарай мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламалары кәсіби стандартқа сәйкес толығымен жаңартылады.

Химия пәні бойынша:

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде **285 996** мұғалімдер жұмыс істейді, оның ішінде химия пәні мұғалімдерінің жалпы саны **-6 367**.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде магистр дәрежесі бар мұғалімдердің жалпы саны **-5 029**, оның ішінде 255 химия мұғалімдері.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің мұғалім **кадрларының қажеттілігі** - жалпы саны **-5 2676**, оның ішінде химия пәні бойынша- **315** (Ақмола - 45, Ақтөбе - 19, Алматы - 18, Атырау - 21, БҚО - 6, Жамбыл - 23, Қарағанды - 72, Қостанай -1, Қызылорда - 0, Маңғыстау - 11, Павлодар - 4,СҚО - 29, Түркістан - 10, ШҚО -18,Астана қ -3, Алматы қ -1, Шымкент қ -0).

Биология пәні бойынша:

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде **285 996** мұғалімдер жұмыс істейді, оның ішінде биология пәні мұғалімдерінің жалпы саны **-9 651**.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде магистр дәрежесі бар мұғалімдердің жалпы саны **-5 029**, оның ішінде **293**-і биология пәні мұғалімдері.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің мұғалім **кадрларының қажеттілігі** - жалпы саны **-5 2676**, оның ішінде биология пәні бойынша- **136** (Ақмола - 5, Ақтөбе - 2, Алматы - 0, Атырау - 0, БҚО - 60, Жамбыл - 2, Қарағанды - 9, Қостанай -0, Қызылорда -11, Маңғыстау - 7,Павлодар - 1,СҚО - 2, Түркістан - 1, ШҚО -1, Астана қ -2, Алматы қ -0, Шымкент қ -0).

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Нийде университеті (Нийде қ., Түркия)
	Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (Қарағанды, Қазақстан)
	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (Шымкент, Қазақстан)

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

- Стэнфорд университеті – 21%,
- Белорус мемлекеттік университеті – 52%,
- М.В. Ломоносов атындағы ММУ - 52%,
- Синалоа автономды университеті – 36%,

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

6B01508 – «Химия-Биология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

білім беру (педагогикалық) - білім алушыларды оқыту мен дамыту, оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру, педагогикалық процесті жобалау және басқару, педагогикалық қызметтің нәтижелерін коррекциялау, жобалау, диагностика жасау; орта мектепте, техникалық және кәсіби арнайы оқу орындарында сабақ беру, нақты жағдайда әдістемелік білімдері мен қолданбалы дағдыларын жүзеге асыру.

оқу-тәрбиелік - педагогикалық процестің заңдарына, заңдылықтарына, қағидаларына, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес тәрбие жұмысын жүргізу; сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау; нақты білім беру мәселелерін шешу; осы сыныпта жұмыс жасайтын студенттер тобымен, мұғалімдермен, ата-аналармен байланыс орнату

оқу-технологиялық - оқу процесінде жаңа білім беру технологияларын қолдану; ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды қолдана отырып, ақпараттық ресурстарды өндіру мен өңдеудің технологиялық процесін ұйымдастыруға қатысу.

әлеуметтік-педагогикалық - және студенттердің толыққанды өмірлік іс-әрекеті, педагогикалық білімі мен дамуына педагогикалық қолдау көрсету және қолайлы жағдайлар жасау;

эксперименттік-зерттеушілік – ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу; химия саласындағы алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені зерттеу және жалпылау; олардың нәтижелерін оқу процесіне енгізе отырып, педагогикалық эксперимент жүргізу;

ұйымдастыру-басқару - әртүрлі деңгейдегі химияны жоспарлау; оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу тәсілдерін анықтау;

Жұмысқа орналасу мүмкіндіктері:

- оқу орындары: жалпы білім беретін мектептерде, лицейлерде, гимназияларда, колледждерде, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде химия және биология пәндерінің мұғалімі;

- ғылымды ұйымдастыру: ғылыми-зерттеу орталықтардағы (химиялық, биологиялық және педагогикалық профильдер саласындағы және т.б.); лаборант, аға лаборант, инженер;

- басқару ұйымдары: білім бөлімдері, әкімдіктер, әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдарда инспектор, бөлім маманы қызметтері.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1 кәсіби құзыреттілік саласы

Іргелі және қолданбалы химияны терең біледі, оларды әртүрлі кәсіби қызмет салаларында, соның ішінде ғылыми-зерттеу қызметінде белсенді қолданады. Шешімдерді тұжырымдау үшін сабақтас пәндер (физика, математика және т.б.) туралы білімді біріктіруге қабілеттің арттырады.

2 кәсіби құзыреттілік саласы

Зерттеу әдістерін биологиялық-молекулалық деңгейде тиімді қолданып, оларды өзекті мәселелерді шешуде оңтайлы түрде пайдаланатын болады.

3 кәсіби құзыреттілік саласы

Мұғалімнің оқу-тәрбие қызметін кәсіби деңгейде жүзеге асыруға және оқушыларды табысты оқыту мен тәрбиелеуге білім мен дағдылары қол жеткізуге мүмкіндік беретін маңызды жүйені меңгеру. Өз білімін, дағдыларын және біліктерін қажетті нәтижеге айналдырады және оқытудың әртүрлі әдістері мен формаларын меңгереді.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2 - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3 - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4 – Химияның іргелі ұғымдары мен заңдарының, атомдық-молекулалық ілімнің, құрылымның және заттың физика-химиялық қасиеттерінің негіздерін біледі.

ОН 5 – Ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып, химиялық және биологиялық эксперименттерді құру, жоспарлау дағдыларын меңгереді, химиялық және биологиялық зертханаларда қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды.

ОН 6 – Жұмыстың тәжірибелік нәтижелерін талдайды, түсіндіреді және өңдейді.

ОН 7 – Жаратылыстану-ғылыми білімі ақпараттық-танымдық кеңістікке бағдарланады, оларды ғылыми-зертханалық және оқу сипатындағы әртүрлі практикалық-бағдарлық тапсырмаларды шешу үшін қолдана алады.

ОН 8 – Химиялық және биологиялық пәндердің оқу материалдарының бағдарламаларын күнделікті өмірмен байланыстырады және білім алушылардың химия мен биологияны оқуға деген қызығушылығын арттырады.

ОН 9 – Оқу жүйесінде өсімдіктердің, жануарлардың және микроорганизмдердің қоршаған ортаға таралуы, жүйеленуі, эволюциясы және филогенетикалық байланыстары принциптерін қолданады;

ОН 10 – Инновациялық технологиялардың білім беру процесін басқаруда химия мен биологияны оқытудың теориялық және эксперименттік негіздері туралы білімді қолдана алады.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10
ТА1	+	+			+	+	+		+	+
ТА 2	+	+								
ТА 3				+	+	+	+	+	+	+
ТА 4			+							
ТА 5		+						+		+
ТА 6	+	+	+							

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының Мемлекеттік стандарты. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелген.

2) Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген "Педагог" кәсіби стандарты. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелген

3) «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар 27.03.2023 күнгі №125 бұйрығы.